

Жаратылыстану бағытындағы ағылшын тілінде оқытылатын химия, физика, биология, информатика пәндерінен «Көптілділік – өмір ағыны» атты апталықтың қорытындысы

Қаңтар айының 11-15 күндер аралығында мектебімізде ағылшын тілінде оқытылатын информатика, физика, химия, биология пәндер апталығы өткізілді. Апталықтың жоспары әдістемелік бірлестігінің отырысында қаралып талданды және бекітілді. Апталық барысында мұғалімдер ұйымдастырған іс-шаралар заман талабына сай ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы онлайн форматында өтті, яғни интеллектуалды сайыстар, бейнероликтер, сыныптан тыс іс-шаралар.

11.01.2021 ж. күні физика пәні мұғалімдері Бахытхан А мен Сунгатова К.Н «Competition in Physics » деген тақырыпта 8 сыныптар арасында шара өткізді. Мақсаты - Физика пәнінен оқушылардың ағылшын тілінде меңгерген білімдерін жүйелеп, өз ойларын ағылшын тілінде жеткізе білуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Шара үштілділіктің оқушылар үшін маңызы туралы видео көрумен басталды. Сайыстың I кезеңі «Game- Who's Faster»-ойыны арқылы физика пәнінен терминдерді үш тілде білу. Сайыстың II кезеңінде «Think guessing game! Solve the riddle» ойынында оқушылардың ой жылдамдығы, шапшаңдықтары, сайыстың III кезеңі «Name the tool in the picture » кезеңінде құралдың атын үш тілде ағылшын тез тауып, көрсетулері қажет болды. Сайыстың соңғы кезеңінде «Each letter of words needs to come up with terms » яғни «Физика» сөзінің әр әрпіне терминдер құрастырып, жауабын үш тілде беру қажет болды. Сайыс өте жақсы дәрежеде өтті. Сайысқа бірлестік мұғалімдері қатысып талдау жасады.

12.01.2021 ж күні биология пәнінен Отарова А.Ж. «Biology leader » деген тақырыпта интеллектуалды ойын өткізді. Мақсаты: биология пәнінен оқушылардың ағылшын тілінде меңгерген білімдерін жүйелеп, өз ойларын ағылшын тілінде жеткізе білуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін арттыру, үштілділіктің болашақ ұрпақ үшін маңыздылығын көрсету. Интеллектуалды ойын 4 кезеңде өтілді. Сайыстың I кезеңі «Think & Find». Бұл кезеңде жануарлар туралы жұмбақ беріледі, жауабын 3 тілде айту. II кезең «Confusing words». Бұл кезеңде ағылшын тілінде сөздер беріледі, сол сөздерден сөйлем құрастырып, аудармасын айту. III кезең «Talking numbers» Бұл кезеңде 3 түрлі тақырып беріледі, тақырыпты және сандарды таңдау арқылы жауабын үш тілде беру. IV кезең «Полиглот» Қызықты мәлімет бойынша экранда берілген 3 суреттен бір дұрыс жауапты тауып, жауабын үш тілде беру. V кезең : «Interesting information»

Бұл кезеңде 3 түрлі сурет көрсетіліп және қызықты мәлімет оқылып, сол мәлімет бойынша үш суреттен дұрыс жауапты тауып, жауабын 3 тілде айту. Түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану арқылы, оқушылардың қызығушылықтарын арттырып, мұғалім өз мақсатына жетті. Өтілген іс шара оқушылардың да, әділ қазылар мен қатысушы әкімшіліктің де көңілдерінен шығып, жоғары бағаланды.

13.01.2021 ж информатика пәні мұғалімі Абдрахманова М.М «Walk to info city» тақырыбында өткізді. Мақсаты: Информатика пәнінен оқушылардың ағылшын тілінде меңгерген білімдерін жүйелеп, өз ойларын ағылшын тілінде жеткізе білуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін арттыру, үштілділіктің болашақ ұрпақ үшін маңыздылығын көрсету.

13.01.2021 ж информатика пәні мұғалімі Серікбаев А.С «Unit - Game» тақырыбында сайыс өткізді. Мақсаты: информатика пәнінен оқушылардың ағылшын тілінде меңгерген білімдерін жүйелеп, өз ойларын ағылшын тілінде жеткізе білуге үйрету. «Brain Attack» «Grouping» - қызықты сайыс түрлеріне оқушылар қызыға ойнап, жауап берді. Сайыс жоғары деңгейде өтті.

14.01.2021 ж информатика пәні мұғалімі Хамитова А.А «Who is fast» тақырыбында 8 сыныптармен шара өткізді. Мақсаты: Оқушылардың информатикадан өтілген тақырыптың қаншалықты ағылшын тілінде меңгергендігін анықтау. Сайыстың I кезеңі «Descriptor» - яғни суреттің жауабын үш тілде айту. Сайыстың II кезеңі «Name me» атақты адамдардың аттарын білу, III кезеңінде «Video question» видео арқылы сұрақтарға жауап беру сайысы өтті. Сайыстың IV кезеңі «AudioChat» кезеңінде тыңдалым арқылы сұрақтарға жауап беріп, жауабын үш тілде беру. Шараның мақсаты жүзеге асырылып, қатысушы ұстаздардың көңілінен шықты.

15.01.2021 ж химия пәні мұғалімі Бекмағанбетова Н.С «Magic Chemistry» тақырыбында апталықтың жабылу салтанатын өткізді. Мақсаты: Химия пәндерінен оқушылардың ағылшын тілінде меңгерген білімдерін жүйелеп, өз ойларын ағылшын тілінде жеткізе білуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін арттыру, үштілділіктің болашақ ұрпақ үшін маңыздылығын көрсету. 1 кезең «Ойлы болсаң, озып көр» кезеңінде әрбір топқа тапсырма беріледі. Күнделікті тұрмыста қолданылып жүрген химиялық заттар алып келіп, оған ағылшын тілінде сипаттама беру. 2-кезең «Мықты болсаң, тауып көр» кезеңінде сайыскерлер оқылған мәтінге «true» немесе «false» деп жауап береді. Дұрыс жауап үшін 1 ұпай беріледі. 3-кезең «Жүйрік болсаң, шауып көр» кезеңінде әрбір топ берілген Ұлы тұлғалар, қилы сұрақтар, медицина бөлімдерін тандайды. 4-кезең «Зерек болсаң, шешіп көр» кезеңін бастаймыз. You say the words in Kazakh, Russian and English language. Жауаптарын 3 тілде айту. 5-кезең “Magic chemistry” “Ғажайып химия” Тәжірибе көрсетіледі. Question. I have two colorless solutions and flower made of white paper. Be attention. Why the flower changed color. Explain this experience.